

## Электр және жылу желілерін күзету, электр және жылу желілерінің күзету аймақтарында жұмыс жүргізу қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 231 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 мамырда № 11011 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 332 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Энергетика министрінің 28.09.2017 № 332 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

"Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Электр және жылу желілерін күзету, электр және жылу желілерінің күзету аймақтарында жұмыс жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында жариялануын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

\_\_\_\_\_ А. Мамытбеков

2015 жылғы 25 наурыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі

\_\_\_\_\_ Ә. Исекешев

2015 жылғы 24 наурыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

2015 жылғы 30 наурыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі

\_\_\_\_\_ Қ. Қасымов

2015 жылғы 27 наурыз

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 20 наурыздағы  
№ 231 бұйрығымен  
бекітілген

## **Электр және жылу желілерін күзету, электр және жылу желілерінің күзет аймақтарында жұмыс жүргізу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Электр және жылу желілерін күзету, электр және жылу желілерінің күзет аймақтарында жұмыс жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Электр энергетикасы туралы" Заңының 22-бабы 2-тармағына сәйкес әзірленген және электр және жылу желілерін күзету, электр және жылу желілерінің күзету аймақтарында жұмыс жүргізу тәртібін және ұйымдастыруды айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) жылу желілері – жылу энергия көздерінен орталық жылу пунктері мен сорғы станцияларын қоса алғанда, жылуды тұтыну қондырғыларына дейін жылу энергиясын беруге және (немесе) жылуды жеткізуге арналған құрылғылардың жиынтығы;

2) жылу желілерінің күзет аймағы - жылу желілерін сақтауды қамтамасыз ету, пайдаланудың қалыпты жағдайларын жасау, олардың зақымдануының, сондай-ақ осы желілердің күзет аймағында қалған тұрғындар арасында жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында бөлінген жер учаскелері;

3) электр желілері - электр энергиясын беру мен таратуға арналған шағын станциялардың, тарату құрылғыларының және оларды жалғайтын электр беру желілерінің жиынтығы;

4) электр желілерінің күзет аймағы - электр желілерін сақтауды қамтамасыз ету, пайдаланудың қалыпты жағдайларын жасау, олардың зақымдануының, сондай-ақ осы желілердің күзет аймағында қалған тұрғындар арасында жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында бөлінген жер учаскелері, су және әуе кеңістігі.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамаларға сәйкес қолданылады.

3. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының барлық қолданыстағы, жобаланатын, салынып жатқан және жаңғыртылатын электр және жылу желілеріне, оның ішінде ұлттық электр желілеріне қолданылады және оның аумағында заңды және жеке тұлғалармен орындалады.

4. Электр және жылу желілерін күзету Қазақстан Республикасының күзет қызметі саласындағы заңнамаға сәйкес қамтамасыз етіледі.

5. Электр және жылу желілерінің күзету аймақтарының жай-күйін бақылау қарауында осы желілер бар ұйымдармен жоспарлы, кезеңдік, сондай-ақ желілерде технологиялық бұзушылықтар пайда болған кездегі жоспардан тыс тексерулер жолымен қамтамасыз етіледі.

6. Электр және жылу желілерінің күзет аймақтары жер учаскелерінің иелері мен жер қойнауын пайдаланушылардан жер учаскелерін иемденбей, орнатылады.

7. Жеке және заңды тұлғалар, оның ішінде мемлекеттік органдар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері олардың аумақтары бойынша өтетін электр және жылу желілерінің қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету үшін шаралар қолданады.

8. Қарауында электр және жылу желілері бар ұйымдар мен жеке және заңды тұлғалар (олардың филиалдары мен өкілдіктері) арасындағы даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген тәртіпте шешіледі.

9. Электр және жылу желілерін күзетуді ұйымдастыру:

- 1) қарауында осы желілер бар ұйымдар - электр және жылу желілері;
- 2) қарауында осы желілер бар ұйымдар - ұлттық электр желілері үшін жүзеге асырады.

## **2. Электр желілерінің күзет аймағында жұмыс жүргізу тәртібі**

10. Электр желілерін сақтау, пайдалануына қалыпты жағдай жасауды қамтамасыз ету және жазатайым жағдайларды болдырмау үшін жер учаскелері бөлінеді, күзет аймақтары орнатылады, электр желілерінен ғимаратқа, құрылысқа, жер және су бетіне дейін рұқсат етілген ең аз қашықтықтар орнатылады, орман алқаптарына және жасыл көшеттерде орман жолдары төселеді.

11. Электр желілерінен ғимараттарға, құрылысқа дейінгі, сондай-ақ электр берудің әуе желілері сымдарынан жер және су бетіне дейін рұқсат етілген ең аз қашықтықтар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес анықталады және ғимараттар мен құрылыстарды жобалау және құрылысы, ағаштар мен көшеттерді қысқарту және қырқу кезінде сақталады.

12. Электр желілерінің күзет аймақтары жер учаскесі түрінде, шеткі сымдардың кескінінен жер бетінде тұрған (олардың ауытқымаған қалыбында) параллельді түзу қоршаулармен шектелген электр берудің әуе желісінің бойымен (ғимаратқа кіретін тармақтарды қосқанда) белгіленеді.

13. Электр желілерінің күзет аймақтары кернеуі 1 киловольтқа (бұдан әрі – 1кВ) дейінгі желілер үшін:

1) әр жағынан 2 метрден (бұдан әрі - м), оның ішінде сымдары жалаң әуе желілері және өздігінен оқшауланған сымдар үшін – 1 м;

2) шеткі кабельден 1 м қашықта желінің екі жағы бойынша жер учаскесі түрінде тік жазықтықтармен қоршалған жерасты электр берудің кабель желілері бойымен, ал қалаларда аяқжолдан өтетін кабельді желілер үшін ғимарат пен құрылысқа қарай 0,6 м және көшенің жүргінші бөлігіне қарай 1 м;

3) шеткі кабельден 100 м қашықтықта желілердің екі жағы бойынша тұрған тік жазықтықтармен шектелген су бетінен түбіне дейінгі су кеңістігі түрінде электр берудің су астындағы кабель желілері бойымен;

4) шеткі сымдардан олардың ауытқымаған жағдайларында әр жағынан 2 м қашықтықта кеме жүзбейтін су қоймасы (өзен, арналар, көл және басқа) арқылы электр берудің әуе желілерінің өткелдері бойымен орнатылады.

14. Кернеуі 1 кВ және одан жоғары электр берудің әуе желілері үшін электр желілерінің күзет аймағы келесі шамада орнатылады:

- 1) 1-ден 20 кВ-ға дейін 10 м кем емес;
- 2) 20-дан 35 кВ-ға дейін 15 м кем емес;

- 3) 35-тен 110 кВ-ға дейін 20 м кем емес;
- 4) 110-нан 220 кВ-ға дейін 25 м кем емес;
- 5) 220-дан 500 кВ-ға дейін 30 м кем емес;
- 6) 500-ден 1150 кВ-ға дейін 55 м кем емес.

15. Жоғарыда көрсетілген жағдайларда электр желілерінің күзет аймағы:

1) шеткі кабельден 1 м қашықтықта желінің екі жағы бойынша жер учаскесі түрінде тік жазықтықтармен қоршалған жерасты электр берудің кабель желілері бойымен;

2) шеткі кабельден 100 м қашықтықта желілердің екі жағы бойынша тұрған тік жазықтықтармен шектелген су бетінен түбіне дейінгі су кеңістігі түрінде электр берудің су астындағы кабель желілері бойымен;

3) электр берудің әуе желілерінің бойымен күзет аймақтарын орнату үшін қарастырылған қашықтықта кеме жүзетін су қоймасы үшін 100 м қашықтықта кеме жүзетін су қоймасы үшін олардың ауытқымаған жағдайларында шеткі сымдардан екі жағында тұрған жазықтықтармен шектелген су айдындарының су бетіндегі әуе кеңістігі түріндегі су қоймасы (өзен, арналар, көл және басқалар) арқылы электр берудің әуе желілерінің өткелдері бойымен орнатылады.

16. Жерасты байланыс кабельдері немесе қарауында кабель желілері бар ұйымдардың электр кабельдері бар түйісу немесе жақындасу орындарында электр берудің әуе желілері тіректерінде ескертуші белгілер оған дейінгі қашықтық көрсетілген кабель бағытындағы сызық түрінде ескертуші белгілер орнатылады.

17. Электр желілерінің күзету аймақтарына кіретін жер учаскелері жерді пайдаланушылардан және жер иелерінен алынбайды және осы Қағидалардың талаптарын сақтай отырып, ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу үшін пайдаланады.

18. Электр берудің әуе желілерінің күзет аймақтарындағы пішенді жырту, жинау, шығару, жайылма суару сияқты алаңдық ауыл шаруашылығы жұмыстары иелігінде осы желілер орналасқан ұйымды алдын ала осы жұмыстардың басталуына дейін күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей жазбаша хабарлау арқылы жерді пайдаланушылар жүргізеді.

19. Ауыл және қала құрылыстары шектерінде әуе және кабель желілері өткенде аудан және қала атқарушы органдары аймақтың құрылысына рұқсат беру кезінде күзет аймақтарының құрылысына тыйым салады.

20. Электр берудің әуе желілері бойымен және мемлекеттік орман қорының орман алаптарында және елді мекендер шегіндегі жас көшеттердегі шағын станциялардың, таратушы құрылғылардың және ауыстырғыш пункттердің

периметрі бойынша соқпақ жолдар Қазақстан Республикасының Орман кодексі 13 бабы 1-тармағының 18-20) тармақшасына сәйкес бекітілетін Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде өсіп тұрған сүректі босату ережесіне сәйкес төселеді.

21. Мемлекеттік орман қоры аумағы арқылы өтетін электр берудің әуе желілері кезінде сымдарға тікелей жақын өсетін ағаштарды кесуді мемлекеттік орман иеленушілер қарауында осы желілер бар ұйымдармен шарт бойынша жүргізеді.

Олар саябақтар, бақтар және басқа көп жылдық көшеттер арқылы өтсе, ағаштарды кесуді қарауында электр берудің әуе желілері бар ұйымдар, ал екі жақты келісім болса – теңгерімінде осы көшеттер орналасқан ұйымдар немесе бақ иелері және басқа көп жылдық көшеттерге қарауында электр берудің желілері орналасқан ұйымдар анықтаған тәртіпте жүргізеді.

22. Электр желілерінің қалыпты жұмысын бұзуы немесе оларды зақымдауға немесе жазатайым жағдайға әкелетін, материалдық залал келтіруі мүмкін қандай да бір әрекетті жүргізуге тыйым салынады, атап айтқанда:

1) 500-1150 кВ әуе желілерінің күзет аймағында ауыл шаруашылығы дақылдарын қолмен өңдеуге;

2) автожанармай станцияларын және өзге жанар-жағармай материалдары қоймаларын орналастыруға;

3) бөгде адамдарға электр желілері құрылыстарының аймақтарында және үй-жайларында тұруына, электр желісі құрылыстарының есіктері мен люктерін ашуға, электр желілерінде ауыстыруды және қосуды жүргізуге;

4) электр желілері объектілерінің кіре берістеріне тосқауыл қоюға;

5) сымдарға тіреулерді лақтыруға және оған бөгде заттарды жақындатуға, тіреуіштерге шығуға, төмен орналасқан сымдарға жақындауға;

6) әртүрлі қоқыс тастауларды және қоқыс тастайтын жерлерді ұйымдастыруға ;

7) жемдерді, тыңайтқыштарды, сабан, отын және басқа материалдарды жинауға, от жағуға, электр берудің әуе және кабель желілерінің күзет аймақтарында өсімдіктерді жағуға, күзету аймағында кез-келген мақсаттағы қойма ғимаратын орналастыруға;

8) ойынға арналған спорт алаңдарын, стадиондар, базарлар, қоғамдық көліктің тоқтау пункттерін, барлық машиналар мен тетіктердің тұрақтарын салуға, электр берудің әуе желілерінің күзету аймақтарындағы жұмыстардың бекітілген тәртіпте рұқсат етілген жұмыстарды орындаумен айналыспайтын адамдардың көп шоғырымен байланысты кез-келген іс-шаралар жүргізуге;

9) әуе ойыншықтарын, шарларды, ұшу аппараттарының спорттық модельдерін, оның ішінде басқарылмайтындарды ұшыруға, электр берудің әуе

желілерінің күзет аймақтарында балықтарды қармақпен және спинингпен аулауды жүргізуге;

10) электр берудің жерасты кабель желілерінің күзет аймақтарында жұмыстарды соқпалы тетіктермен жүргізуге, 5 тоннадан артық салмақты ауырлықты тастауға, улы және тот басатын заттарды және жанар-жағармай материалдарды тастауды және ағызуды жүргізуге;

11) электр берудің жерасты кабель желілерінің күзет аймақтарында зәкірді тастауға, жеке зәкірлермен, шынжырлармен, лоттармен, сүйретпелермен және тралдармен өтуге;

12) электр берудің әуе және кабель желілері жүретін немесе кірме және таратушы құрылғылар орнатылған жерлерде ғимараттарды, көпірлерді, үңгіжолдарды, теміржолдарды және тасжолдарды және басқа құрылыстарды электр желілерін пайдаланушы ұйымдармен келісу бойынша көрсетілген желілерді және құрылғыларды алдын-ала шығармай көшіруге немесе қалпына келтіруге;

13) кернеуі 330 кВ және одан жоғары электр берудің әуе желілерінің күзет аймағында теміржолдан басқа көліктің барлық түрлеріне тоқтауға;

14) малды бағуға;

15) қандай да бір мәдени-бұқаралық немес басқа да іс-шаралар өткізуге, жарнамалау және насихаттау билбордтарын, плакаттар немесе басқа да бұқаралық ақпараттарды таратуға тыйым салынады.

23. Электр желілерін күзету аймақтарында қарауында осы желілер бар ұйымның жазбаша келісімінсіз:

1) жерді уақытша басумен байланысты жұмыстарды жүргізуге;

2) кез-келген ғимаратты және құрылысты салу, күрделі жөндеу жұмыстарын, қалпына келтіру немесе бұзуды жүргізуге;

3) әртүрлі тау-кендік, жүктеу-тиеу, түбін үңгу, топырақ шығару, жару, мелиориативті жұмыстарды жүзеге асыруға, ағаштар мен бұталарды егуге және шабуға, малды айдауға, сыммен қоршауға, жүзімдіктер мен бақтар үшін қатар салуға, сондай-ақ автокөлік жолына кедергі жасайтын ауыл шаруашылығы дақылдарын суаруды жүргізуге;

4) балықты, басқа су жануарлары мен өсімдіктерін табиғи аулау құралымен өндіруді жүзеге асыруға, суат жасауға, мұзды жаруға және дайындауға (электр берудің жерасты кабельді желілерінің күзеті аймақтарында);

5) жер бетінен немесе жерден 4,5 м астам жалпы биіктікте жүкпен немесе жүксіз машиналар мен тетіктің жүруіне (әуе электр желілерінің күзет аймақтарында);

б) 0,3 м тереңдікте, ал жыртылған жерлерде – 0,45 м тереңдікте жердегі жұмыстарды, сондай-ақ топырақты жоспарлауды жүргізуге (электр берудің жерасты кабель желілерінің күзет аймақтарында) тыйым салынады.

24. Электр желілерінің күзет аймақтарында көрсетілген жұмыстарды жүргізуге жазбаша келісім алған заңды және жеке тұлғалар жеке қаражаты есебінен желілердің сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларды сақтай отырып, оларды орындайды.

Күзет аймақтарында жару жұмыстарын жүргізуге жазбаша рұқсатты осы жұмыстарды жүргізетін ұйымдардың жару жұмыстары кезінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 350 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10273 тіркелді) бекітілген Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидаларында қарастырылған тиісті құжаттарды ұсынғаннан кейін беріледі.

25. Қарауында осы электр желілері бар ұйымның осы Қағидалардың 23-тармағында қарастырылған электр желілерінің күзет аймақтарында жұмыстарды жүргізуге арналған жазбаша келісім беруден бас тартуы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен бекітілген тәртіпте шағымдалады.

26. Электр желілерінің үстінен және күзету аймақтарында әуе кемелерінің ұшуы, әуе кеңістігін өзге де пайдалану "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшудың негізгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 103 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

27. Электр желілерінің күзет аймақтарының жанында желілердің зақымдалуын тудыратын жұмыстарды жүргізетін жеке және заңды тұлғалар жұмыстардың басталуына дейін күнтізбелік 12 күннен кем емес мерзімде, қарауында электр желілері бар ұйымдармен электр желілерінің сақталуын қамтамасыз ететін осы жұмыстарды жүргізудің талаптары және тәртібін келіседі және өз қаражаты есебінен тиісті шараларды қабылдайды.

28. Электр желілерін қайта құру немесе оларды зақымданудан қорғау қажеттілігін тудыратын жұмыстарды орындайтын жеке және заңды тұлғалар өз қаражаты есебінен қарауында электр желілері бар ұйымдардың келісімі бойынша желілерді қайта құру және қорғау бойынша жұмыстарды орындайды.

29. Суаратын және коллекторлы-дренажды каналдарды салу, жүзімдіктер мен бақтар қатарларын орнату кезінде және басқа жұмыстарды жүргізуде электр желілеріне кіреберіс жолдары сақталады.

30. Әртүрлі иелерге жататын басқа мақсаттағы кернеуі 1 кВ-ге дейінгі электр беру желілерінің тіректерінде өзара ілінісу кезінде желіге жөндеу жұмыстарын жүргізетін әр ие басқа иеге шығын әкелеуі мүмкін немесе оның өкілі қатысуы



тиіс осындай жөндеу жұмыстары туралы мүдделі иеге алдын ала күнтізбелік 3 күннен кем емес мерзімде хабарлауы керек.

31. Егер тетіктегі не оның жылжымалы бөлігіндегі ауадан, сондай-ақ көтерілетін жүктің олардың кез-келген қалыбындағы (оның ішінде аса ауыр көтергенде немесе ұшқанда) жақын арадағы кернеуде тұрған сымға дейінгі қашықтық Заңның 5 бабы 17) тармақшасына сәйкес бекітілетін Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары талаптарына сәйкес келсе әртүрлі тетіктерді пайдалана отырып әуе электр беру желілерінің маңындағы жұмыстарды орындау жүзеге асырылады.

32. Кабельден жер жұмыстарын жасайтын орынға дейінгі қашықтықты қарауында электр берудің желілері бар ұйым әр жеке жағдай бойынша анықтайды және жазбаша келісімде көрсетеді.

33. Қарауында орман алқабы арқылы өтетін орман жолдарында орналасқан электр желілері бар ұйымдар:

1) орман жолдарын өрт қауіпсіздігі жағдайында ұстайды;

2) орман жолдарында ағаштарды (бұталарды) кесу және өзге тәсілдермен Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес электр берудің әуе желілерін пайдалану жөніндегі талаптармен қарастырылған көлемде орман жолдарының кеңдігін қалыпты ұстайды;

3) орман жолдарынан тыс және сымға және тіреуішке құлау қаупі бар ағаштарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте құлатады;

4) ағаштар мен бұталарды өсіруге пайдаланатын орман жолдарында биіктігі 4 м асатын ағаштарды құлату немесе кесуді жүргізеді.

34. Электр берудің желілерінде авариялық жағдайлар орын алған кезде, осы желілер қарауында орналасқан ұйымдарға, олардың салдарларын жою мақсатында осы желілердің трассасына жақын орналасқан орман алқаптарындағы және орманды қорғау сызықтарындағы жекелеген ағаштарды кесуге, кейіннен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-02/178 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10679 болып тіркелді) анықталған тәртіппен рұқсат беру құжаттарын ресімдеу арқылы рұқсат беріледі.

Бұл ретте қарауында осы желілер бар ұйымдар туындаған авариялық жағдай туралы орман иеленушілерін хабардар етеді.

35. Қарауында электр беру желілері орналасқан ұйымдар осы желілердің күзет аймақтарында электр желілерін жөндеуге және пайдалануға қажетті жер және өзге жұмыстарды жүргізеді.

36. Ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлерінен өтетін электр желілеріне жөндеу және қалпына келтірудің жоспарлы жұмыстар жерді пайдаланушылармен келісім бойынша және осы жерлер ауыл шаруашылығы дақылдарынан бос болғанда немесе осы дақылдардың сақталуын қамтамасыз ету мүмкін болғанда жүргізіледі.

Қарауында электр берудің желілері бар ұйымдар егін себу жұмыстарының басталуына дейін үш ай бұрын электр берудің желілерін жөндеу және қайта құру бойынша жұмыстарды жүргізуге жоспарланған мерзімдер туралы жерді пайдаланушыны жазбаша хабардар етеді.

37. Электр желілерінде аварияларды болдырмау немесе олардың салдарларын жою бойынша жұмыстарды жылдың кез-келген уақытында жерді пайдаланушылар мен жер иеленушілерінің келісімінсіз, бірақ оларды жүргізілетін жұмыстар туралы хабардар ету арқылы жүргізіледі.

38. Қарауында электр беру желілері орналасқан ұйымдар авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын орындаған соң жердің пайдаланылатын жерлерін мақсатты бағыты бойынша оларды пайдалану үшін жарамды жай-күйге келтіруге, сондай-ақ жерді пайдаланушылар жұмысты жүргізуде келтірілген шығындардың орнын толтырады. Жерді пайдаланушылардың шығындары тараптардың келісімі бойынша анықталады және орны толтырылады.

39. Жол жабындарының бұзылуын тудыратын электр берудің кабель желілерін жөндеу және қайта құру бойынша жоспарлы жұмыстар қарауында автокөлік жолдары бар ұйымдар және Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарымен, ал қалалар мен басқа елді мекендерде – сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен алдын ала талаптарды келіскен соң ғана жүргізіледі. Жұмыстарды жүргізу талаптары жұмысты бастағанға дейін үш тәуліктен кешіктірмей келісіледі.

40. Күттіруді қажет етпейтін жағдайларда жол жабынының бұзылуын тудыратын электр берудің кабель желілерін жөндеу бойынша жұмыстарды алдын ала келісусіз, бірақ Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарын және иелігінде осы жолдар орналасқан ұйымдарды, ал қалалар мен басқа елді мекендер шегінде – сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарды хабарландырған соң жүргізуге рұқсат етіледі.

41. Жоғарыда көрсетілген жұмыстарды орындайтын ұйымдар жұмыстарды жүргізетін орынға айналма жолдарды және қоршауларды құрады және тиісті жол белгілерін орнатады, ал жұмысты жүргізген соң топырақты жоспарлайды және жол жабынын қалпына келтіруді жүргізеді.

42. Қарауында автокөлік жолдары орналасқан ұйымдардың келісімімен жолда келтірілген ақауларды жою жұмыстарын орындауды осы электр берудің кабель желілері орналасқан ұйымдардың қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.

43. Электр желілері жақын орналасқан ғимараттар мен құрылыстарды салуға, күрделі жөндеу жұмыстарына, қайта құруға арналған жобалау-сметалық құжаттамада электр желілерінің қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету үшін осы Қағидалармен белгіленген күзет аймақтарының талаптарын сақтау бойынша іс-шаралар қарастырылады. Осы іс-шаралар иелігінде осы желілер орналасқан ұйымдармен келісуге жатады.

44. Электр желілерінің ластануына немесе тот басуының көзі болуы мүмкін объектілерді салуға, күрделі жөндеу жұмыстарына, қалпына келтіруге арналған жобалау-сметалық құжаттамада ластану аймағынан электр желілерін алып тастайтын немесе ластану мен тот басуды шектейтін іс-шаралар қарастырылады.

45. Қазақстан Республикасының сәулет және қала құрылысы саласындағы заңнамамен бекітілген тәртіпте ресімделген электр беру желілерінің нақты жағдайының материалдары оларды жерді пайдаланушылардың тиісті картасына енгізу үшін жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

46. Жергілікті атқарушы органдар электр беру желілерінің орналасқан жері туралы мәліметтерді мүдделі ұйымдарға береді.

47. Қарауында салынып жатқан немесе қолданыстағы электр берудің кабель желілері бар ұйымдар іс-шараларды көрсетілген желілерді селқос токтардан қорғау бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.

48. Электр беру желілерінің күзет аймағы темір немесе автокөлік жолдарын бөлігінің сызығымен, су құбырының, байланыс желілерінің, өзге электр беру желілерінің және басқа объектілердің күзет аймақтарымен сәйкес келген кезде, аумақтың учаскелерімен сәйкес келетін осы объектілерді пайдаланумен байланысты жұмыстарды жүргізу мүдделі ұйымдардың арасындағы келісім бойынша жүзеге асырылады.

49. Қарауында электр желілері бар ұйымдардың және нарядта жұмыс жүргізуге рұқсат берілген қызметкерлерге басқа ұйымдардың аумақтарында орналасқан электр желілерінің объектілеріне жөндеу және технологиялық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін кедергісіз рұқсат қамтамасыз етіледі.

50. Өртке қарсы қызмет бөлімшелері электр желілерінің күзет аймақтары орналасқан объектілердегі өртті сөндіруге қарауында электр желілері бар ұйымның қызметкерлері электр энергиясынан электр желілерді ағытқаннан кейін кіріседі.

51. Автокөлік жолдарындағы 330 кВ және одан жоғары электр берудің әуе желілерінің қиылысқан орындарда осы желілерді күзету аймақтарында көліктің тоқтауына тыйым салатын жол белгілері орнатылады.

52. Электр берудің кабель және әуе желілері кеме жүзетін және сал ағызатын өзендері, көлдері, су қоймалары және каналдары бар түйісу орындары Қазақстан

Республикасының ішкі су көлігі заңнамасының талаптарымен бекіткен сигналды белгілермен белгіленеді. Сигналды белгілер иелігінде осы желілер орналасқан ұйымдар ішкі су көлігі саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша белгіленеді және кеме жүзетін жағдайлар және лоцман картасының тізбесіне ең соңғы боп енгізіледі.

53. Электр берудің теңіздегі кабель желілерінің трассалары теңіз картасына енгізіледі.

54. Күзет аймағында жер жұмыстарын жүргізетін заңды және жеке тұлғалар жұмыс өндірісінің техникалық құжаттамасында көрсетілмеген кабельді анықтағанда, осы жұмыстарды дереу тоқтатып, кабельдің сақталуы мен тұтастығын қамтамасыз ету шараларын қабылдайды және бұл туралы иелігінде электр желілері орналасқан жақын энергия беру ұйымына немесе жергілікті атқарушы органдарға хабарлайды.

55. Судан кабельді зәкірмен, балық аулайтын жабдықпен немесе кеме капитандарының (жұмыстардың басшылары) басқа тәсілдерімен көтерген жағдайда бұл туралы иелігінде электр желілері орналасқан жақын энергия беру ұйымына немесе жергілікті атқарушы органдарға хабарлайды. Кеме капитандары осы хабарды тікелей жақын арадағы өзен порттарына береді.

56. Электр желілерінің күзету аймақтарындағы заңды және жеке тұлғалар қарауында электр желілері орналасқан ұйымдардың электр желілерінің сақталуын және жазатайым жағдайлардың алдын алуды қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды орындайды. Қарауында электр желілері бар ұйымдар электр желілерінің күзет аймағында жеке және заңды тұлғалар жұмыстар жүргізу уақытында адам өміріне қауіп төнген кезде бұл қауіптің алдын-алғанға дейін жұмыстар тоқтатылады.

57. Қарауында электр желілері бар ұйымның уәкілетті лауазымды тұлғалары осы Қағидалардың бұзылуын анықтаған жағдайда, дәлелдейтін фактілері бар материалдарын (фотосуреттер, түсініктемелер, электр беру желілерін өту схемалары, күзет аймағында жұмыс жүргізу рұқсаттары және басқа да қолда бар материалдар) қоса беріп, еркін нысанда акті жасалады. Қажеттілігіне қарай Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қызметкерлерін шақырады. Анықталған бұзушылықтарға қатысты материалдар "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес мемлекеттік энергиялық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға қарауға жолданады.

58. Жергілікті атқарушы органдар, ішкі істер органдары қарауында электр желілері бар ұйымдарға барлық заңды (олардың филиалдары мен өкілдіктерінің)

және жеке тұлғалардың осы Қағидалардың 12-тармағының талаптарын орындауын қамтамасыз етуде құзыреттілігі бойынша тиісті шараларды қабылдау :

1) осы Қағидалардың талаптарын сақтау мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге тәсілдер жолымен көмек көрсетеді.

59. Заңды және жеке тұлғалардың кінәсі бойынша зақымдалған желілердің орнын толтыру қарауында осы желілер бар ұйыммен құрылған авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын орындау шығындарының келісілген сметасы бойынша толық көлемде олардың есебінен жүргізіледі.

59-1. Жоғары кернеуі 6-дан 20 кВ-ге дейін секцияланған және таратушы пункттері бар кіші станцияларына бөлінген жер учаскелерінің алаңдары осы Қағидалардың 3-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген шамалардан артық болмайды.

**Ескерту. 2-тарау 59-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

59-2. Жоғары кернеуі 35-тен 1150 кВ-ге дейінгі электр қосылыстарының (жиынтықты қоса алғанда) әр түрлі схемалары бар кіші станцияларға бөлінген жер учаскелерінің алаңдары осы Қағидалардың 3-қосымшаның 2-кестесі бойынша орнатылады.

**Ескерту. 2-тарау 59-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

59-3. Осы Қағидалардың 3-қосымшасының 2-кестесінде келтірілген ғимараттың құрамына және кіші станциялардың құрылыстарына сәйкес келмейтін ғимараттар мен құрылыстардың құрамы бар (оның ішінде таратушы құрылғылардың ұяшықтары) шағын станцияларға бөлінген жер учаскелерінің алаңдары 3-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген шамаға ұлғайтылады немесе азайтылады.

**Ескерту. 2-тарау 59-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3. Жылу желілерінің күзет аймағында жұмыс жүргізу тәртібі**

60. Жылу желілерін сақтау, пайдалануына қалыпты жағдай жасауды қамтамасыз ету және жазатайым жағдайларды болдырмау үшін жылу

желілерінен ғимараттарға және құрылыстарға дейінгі ең төменгі рұқсат етілген қашықтықтағы күзет аймақтары белгіленеді.

61. Жылу желілерінің құрылысы мен пайдалануға арналған жер учаскелері Қазақстан Республикасының жер қатынастары саласындағы заңнамамен бекітілген тәртіпте бөлінеді.

62. Жылу желілерінің күзет аймақтары құрылыс құрылымының сыртқы жағынан мына диамлі құбырларының инженерлік желілеріне, ғимараттарға және құрылыстарға дейін трасса маңында жер учаскесі түрінде орнатылады:

1) жерүсті төсемі

Ду < 200 мм - 10 м;

Ду 200мм-ден до 500мм-ге дейін - 20 м;

Ду > 500 мм - 25 м;

2) ерасты төсемі

Ду < 500 мм - 5 м;

Ду > 500 мм - 8 м;

63. Тарихи ескерткіш пен мәдениеттен жылу желілеріне дейінгі қашықтық - 15 м кем емес (таратушы желілер үшін – 5 м кем емес).

64. Жылу желілері трассасын таңдаған кезде техникалық үй астында, дәліздерде және үңгіжолдарда (биіктігі 1,8 м кем емес) ғимараттан шығудың төменгі нүктесіндегі дренаждау құдық құрылғысы бар желілерді төсеген жағдайда тұрғын және қоғамдық ғимараттардың диамі 300 мм және одан кіші су желілері қиылысуына рұқсат етіледі.

65. Балалардың мектепке дейінгі, мектеп және емдеу-сауықтыру мекемелерінің жылу желілерінің қиылысуына рұқсат етілмейді.

66. Каналсыз төсем кезінде құбырларды оқшаулаудың қабықтарын немесе жылу желілерінің құрылысы құрылымының сыртқы жағынан құрылымдарға және инженерлік желілерге дейінгі қашықтық осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 1,2 және 3-кестелерде көрсетілген.

67. Жылу желілерінің қалыпты жұмысын бұзуы немесе оларды зақымдауға немесе жазатайым жағдайға әкелетін, материалдық залал келтіруі мүмкін қандай да бір әрекетті жүргізуге тыйым салынады, оның ішінде:

1) автожанармай станцияларын және өзге жанар-жағармай және химиялық агрессивті материалдарың қоймаларын орналастыруға;

2) тіреуіштерге және құбырларға бөгде заттарды қоюға және байлауға, оларға шығуға;

3) жылу желілері құбырларына және құрылыстарының үстімен жүруге;

4) жылу желілері объектілерінің кіреберістеріне тосқауыл қоюға;

5) бөгде адамдарға жылу желілері аймақтарында сорғы станцияларының, жылу пункттерінің, павильондар мен камералардың және жайларында тұруына, осы құрылыстарының есіктері мен люктерін ашуға;

6) жылу желілеріне өшіруді және қосуды жүргізуге, сондай-ақ бөгде адамдарға дренаждар мен ауа шығарғыштарды ашуға;

7) құбырлардан қорғаныс қабығын және жылу оқшаулағышты бұзуды және алып тастауға;

8) жасыл көшеттерді отырғызуға;

9) жылу оқшаулағышты ылғалдандыруға рұқсат етуге;

10) химиялық заттарды және жанар-жағармай материалдарды тастауды және ағызуды жүргізуге, жылу желілерінің трассаларында әр түрлі қоқыс тастауларды ұйымдастыруға;

11) соқпалы тетіктермен жұмыс жүргізуге, салмағы 5 тонна және одан жоғары ауыр заттарды тастауға;

12) қандай да бір мәдени-бұқаралық немесе басқа да іс-шаралар өткізуге, жарнамалау және насихаттау билбордтарын, плакаттар немесе басқа да бұқаралық ақпараттарды таратуға.

68. Жылу желілерінің күзету аймақтары шектерінде иелігінде осы желілер бар ұйымдардың жазбаша келісімінсіз:

1) кез-келген объектілерді және құрылыстарды салу, монтаждау және жердегі жұмыстарын жүргізуге;

2) тиеу-жүктеу жұмыстарын жүзеге асыруға, әр түрлі алаңдарды салуға, автокөлік тұрақтарын орнатуға, әр түрлі материалдарды жинауға;

3) қоршауларды және дуалдарды салуға;

4) ұңғыма және шуфр құрылғыларымен байланысты іздеу және басқа жұмыстарды жүргізуге;

5) жолдың немесе жердің үстінен жалпы биіктігі 4,5 м артық жүкпен немесе жүксіз машиналардың және тетіктердің жүрісін жасауға (эстакадағы автокөліктің астында төселген жерасты құбырларының астында) тыйым салынады.

69. Жылу желілерінің күзет аймағы темір және автокөлік жолдары бөлігінің сызығымен, құбырлардың, байланыс желілерінің, телекоммуникациялардың, кабельдердің және басқа объектілердің күзет аймақтарымен сәйкес келген кезде, аумақтың учаскелерімен сәйкес келетін осы объектілерді сәйкес келетін осы объектілерді пайдаланумен байланысты жұмыстарды жүргізу мүдделі ұйымдардың арасындағы келісім бойынша жүзеге асырылады.

70. Жылу желілерінің күзет аймақтарының жанында желілердің зақымдалуын тудыратын жұмыстарды жүргізетін жеке және заңды тұлғалар жұмыстардың басталуына дейін күнтізбелік 12 күннен кем емес мерзімде, қарауында жылу желілері бар ұйымдармен электр желілерінің сақталуын қамтамасыз ететін осы

жұмыстарды жүргізудің талаптары және тәртібін келіседі және өз қаражаты есебінен тиісті шараларды қабылдайды.

71. Қарауында жылу желілері бар ұйымның жылу желілерінің күзет аймақтарында жұмыстарды жүргізуге арналған жазбаша келісім беруден бас тартуы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен бекітілген тәртіпте шағымданылады.

72. Жер жұмыстарын жүргізетін заңды және жеке тұлғалар жұмыс өндірісінің құжаттамасында көрсетілмеген жылу желілерін анықтағанда, осы жұмыстарды дереу тоқтатып, құбырлардың сақталуын қамтамасыз ету шараларын қабылдайды және бұл туралы жылу желілерін пайдаланушы ұйымға және/немесе жергілікті атқарушы органдарға хабарлайды.

73. Жылу желілерін қайта құру немесе олардан зақымданудан қорғау қажеттілігін тудыратын жұмыстарды орындайтын жеке және заңды тұлғалар бұл жұмыстарды өз қаражаты есебінен қарауында осы жылу желілері бар ұйымдардың келісімі бойынша орындайды.

74. Коллекторлы-дренажды каналдарды, дуалдарды, өзге жұмыстардың құрылыстары мен өндірісін салу кезінде жылу желілеріне кіре берістер мен жолдар сақталады.

75. Жылу желілерінің жанында орналасқан ғимараттар мен құрылымдардың құрылысы, күрделі жөндеу жұмыстары, қалпына келтіруге арналған жобалау-сметалық құжаттамада жылу желілерінің сақталуын, сондай-ақ жылу желілерінің ластануын және тот басуын немесе жылу желілерін жылу желілерін орналасқан ұйымдардың тот басу аймағынан шығаруды қамтамасыз ету бойынша қарауында жылу желілері бар ұйымдармен келісуге жарамды іс-шаралар қарастырылады.

76. Жерүсті жылу желілерінің әуе электр желілерімен және электрлендірген темір жолдармен қиысу орындарында сымның әр жағына көлденеңі бойынша 5 м қашықтықта орналасқан жылу желілерінің барлық электр жүргізу элементтерінің тұйықталуына қарастырылады.

77. Автокөлік жолдарында жылу желілерімен қиылысуы орындарында жылу желілерінің күзет аймақтарында көліктің тоқтауына тыйым салатын жол белгілері, сондай-ақ жүгі бар қозғалыстағы көліктің рұқсат етілген және оның ең жоғарғы жүк көтергіштігін көрсететін жол белгілері орнатылады.

78. Жылу желілерінің трассасындағы жердің үстін жоспарлау жылу құбырларына сыртқы сулардың түсуін болдырмайды.

79. Жылу құбырлары, арматура және өтемдеуіштер жылу оқшаулағышпен жабылады.

80. Су құбырлары мен жылу желілерінің металл конструкцияларын сыртқы тот басу жабынысыз қолдануға тыйым салынады.



81. Суды тікелей жылу желілерінің камераларына немесе жер бетіне төгуге тыйым салынады.

82. Жерасты төсемі кезінде құбырлардан суды жіберуді негізгі камералардың қасында орнатылған төгу құдықтарына, әрі қарай суды өздігінен ағатын немесе кәріз жүйелеріне жылжымалы сорғылар арқылы жүргізіледі.

83. Қазақстан Республикасының Су кодексінің 37-бабы 1-тармағы 7-5) тармақшасына сәйкес бекітілетін Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды келісу, оларды орналастыру және пайдалануға беру ережесін, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізу шарттарына сәйкес келісілген жағдайда суды төгу құдықтарынан немесе тікелей табиғи ағындыларға және жердің бедеріне бұруды қарастыру рұқсат етіледі.

84. Арық жүйелерімен жылу желілерінің қиылысқан кезде жылу желілерінің сенімді гидрооқшаулауы және олардың конструкциялары қарастырылады.

85. Жылу желілерінің қолданыстағы су құбырлары желілерімен, жылу желілері құбырларының астында орналасқан кәріздермен қиылысуы кезінде, сондай-ақ газ құбырларының қиылысуы кезінде қиылысудың екі жағы бойынша 2 м ұзындықта су құбырларының, кәріздердің және газдың құбырларында қаптамалар орнату қарастырылады. Қаптамада тот басудан қорғау жабыны қарастырылады.

86. Қарауында жылу желілері бар ұйымдардың қызметкерлеріне басқа ұйымдардың аумақтарында орналасқан жылу желілерінің объектілеріне жөндеу және технологиялық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін кедергісіз рұқсат қамтамасыз етіледі.

87. Жылу желілерінде аварияларды болдырмау немесе олардың салдарларын жою бойынша жұмыстарды жерді пайдаланушылардың келісімінсіз, бірақ оларды жүргізілетін жұмыстар туралы хабарлай отырып, жүргізіледі.

88. Қарауында жылу желілері орналасқан ұйымдар көрсетілген жұмыстарды орындаған жер учаскелерін мақсатты бағыты бойынша пайдаланылатын жарамды жай-күйге келтіреді.

89. Жол жабындарын бұзатын жылу кабель желілеріне жөндеу жұмыстарын және қайта құру бойынша жоспарлы жұмыстар қарауында автокөлік жолдары бар ұйымдар және Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарымен және жергілікті атқарушы органдармен алдын ала талаптарды келіскен соң жүргізіледі. Жұмыстарды жүргізу талаптары жұмысты бастағанға дейін үш тәуліктен кешіктірмей келісіледі.

90. Авариялық жағдайларда жол жабынын бұзуды тудыратын жылу желілерін жөндеу бойынша жұмыстар алдын ала келісусіз, бірақ осы Қағидалардың 73-тармағында көрсетілген органдар хабарландырған соң жүргізілуге рұқсат етіледі.

91. Көрсетілген жұмыстарды орындайтын жеке және заңды тұлғалар жұмыстарды жүргізетін орынға айналма жолдарды және қоршауларды құрады және тиісті жол белгілерін орнатады, ал жұмысты жүргізген соң топырақты жоспарлайды және жол жабынын қалпына келтіруді жүргізеді.

92. Жылу желілерінің күзету аймақтарындағы заңды және жеке тұлғалар қарауында жылу желілері орналасқан ұйымдардың жылу желілерінің сақталуын және жазатайым жағдайларды болдырмауды қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды орындайды. Қарауында жылу желілері бар ұйымдар жылу желілерінің күзет аймағында жеке және заңды тұлғалар жұмыстар жүргізу уақытында адам өміріне қауіп төнген кезде бұл қауіптің алдын-алғанға дейін жұмыстар тоқтатылады.

93. Қарауында жылу желілері бар ұйымның уәкілетті лауазымды тұлғалары осы Қағидалардың бұзылуын анықтаған жағдайда, дәлелдейтін фактілері бар материалдарын (фотосуреттер, түсініктемелер, электр беру желілерін өту схемалары, күзет аймағында жұмыс жүргізу рұқсаттары және басқа да қолда бар материалдар) қоса беріп, ерікті нысанда акті жасалады. Қажеттілігіне қарай ішкі істер органдарының қызметкерлерін шақырады. Анықталған бұзушылықтарға қатысты материалдар Заңға сәйкес жергілікті атқарушы органдарға қарауға жолданады.

94. Жергілікті атқарушы органдар, ішкі істер органдары қарауында жылу желілері бар ұйымдарға барлық және жеке тұлғалардың осы Қағидалардың талаптарын орындауын қамтамасыз етуде құзыреттілігі бойынша тиісті шараларды қабылдау:

1) осы Қағидалардың талаптарын сақтау мәселелері бойынша заңды және жеке тұлғалармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге тәсілдер жолымен көмек көрсетеді.

95. Лауазымды, заңды және жеке тұлғалардың кінәсі бойынша зақымдалған жылу желілерінің шығынының орнын толтыру қарауында осы желілер бар ұйыммен құрылған авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын орындау шығындарының келісілген сметасы бойынша толық көлемде олардың есебінен жүргізіледі.

#### **4. Электр берудің әуе желілерін орналастыруға арналған жер учаскелерінің көлемін анықтау**

**Ескерту. 4-тарау алынып тасталды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 703 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**Электр желілерден ғимараттарға, құрылыстарға дейінгі, сондай-ақ электр берудің әуе желілерінің сымдарынан жер және су бетіне дейінгі рұқсат етілген ең аз қашықтықтар:**

Электр берудің әуе желілері (бұдан әрі - ӘЖ) үшін кескіннің екі жағынан шеткі сымдардағы жерге күзет аймақтары орнатылады.

Бұл аймақтар жақын арадағы тұрғын, өндірістік және өндірістік емес ғимараттар мен құрылыстарға дейінгі ең аз қашықтығын анықтайды:

1. Жақын арадағы тұрғын, өндірістік және өндірістік емес ғимараттар мен құрылыстарға дейін:

- 1) 1-20 кВ ӘЖ үшін 2 м,
- 2) 35-110 кВ ӘЖ үшін 4 м,
- 3) 150-220 кВ ӘЖ үшін 6 м.

2. Жақын арадағы өндірістік емес ғимараттар мен құрылыстардың және электр станциялары мен шағын станциялардың өндірістік ғимараттары мен құрылыстарының шығыңқы жерінің бөлігіне дейін:

- 1) 330 кВ ӘЖ үшін 8 м,
- 2) 500 кВ ӘЖ үшін 10 м.

3. Жақын арадағы тұрғын және қоғамдық ғимараттардың, өндірістік ғимараттар мен құрылыстардың (электр станциялары мен шағын станциялардан басқа) шығыңқы жерінің бөлігіне дейін:

- 1) 330 кВ ӘЖ үшін 20 м,
- 2) 500 кВ ӘЖ үшін 30 м.

Ескертпе:

Электр беру желілерінің стадиондар, оқу және балалар мекемелері аумақтары арқылы өтуіне рұқсат етілмейді.

20 кВ-ке дейінгі электр беру желілері үшін шеткі сымнан үй жанындағы жер учаскесіне, жеке үй, ұжымдық бақша учаскелерінің шектеріне дейін 20 м кем емес қашықтықта рұқсат етіледі.

Ғимараттар мен құрылыстардың үстінен электр берудің әуе желілерінің өтуіне рұқсат етілмейді.

Жабыны жанбайтын материалдардан жасалған ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі бойынша құрылыс нормаларына және қағидаларына сәйкес өртке тұрақтылығы I-II деңгейлі өндірістік ғимараттар мен

өнеркәсіптік кәсіпорындардың құрылыстарының үстінен электр берудің әуе желілерін жүргізуге рұқсат етіледі (330-750 кВ ӘЖ үшін тек электр станциялардың өндірістік ғимараттарының үстінен).

Электр және жылу желілерін күзету, электр және жылу желілерінің күзет аймақтарында жұмыстар жүргізудің қағидаларына  
2-қосымша

## **Каналсыз төсеу кезінде жылу желілерінің құрылыс конструкцияларынан немесе құбырларды оқшаулау жабынынан құрылыстар мен инженерлік желілерге дейінгі ең аз қашықтық**

1-кесте

Көлденеңі бойынша қашықтық:

Ғимараттар, құрылыстар мен инженерлік коммуникацияларға дейінгі қашықтық	Ең аз қашықтық, м тұрғыда
Жылу желілерінің жерасты төсемі	
1	2
<p>1. Ғимарат пен құрылыстар іргетасынан</p> <p>1.1. Каналдар мен үңгіз жолдар және отырғызылмайтын топырақта (каналдың, үңгіз жолдардың сыртқы бетонды қабырғасынан) құбыр диаметрі, мм</p> <p>Ду &lt; 500</p> <p>Ду = 500 - 800</p> <p>Ду = 900 және жоғары болса құбырларды төсеу кезінде</p> <p>Ду &lt; 500</p> <p>Ду &gt; 500 диаметрі I түріндегі отырғызатын топырақта</p>	<p>2,0</p> <p>5,0</p> <p>8,0</p> <p>5,0</p> <p>8,0</p>
<p>1.2. Отырғызылмайтын топырақта каналсыз төсем кезінде (каналсыз төсемнің жабынан) құбыр диаметрі, мм</p> <p>Ду &lt; 500</p> <p>Ду &gt; 500</p> <p>I түріндегі отырғызылатын топырақта:</p> <p>Ду &lt; 100</p> <p>Ду &gt; 100 до 500</p> <p>Ду &gt; 500 кезінде</p>	<p>5,0</p> <p>7,0</p> <p>5,0</p> <p>7,0</p> <p>8,0</p>
<p>II түрдегі отыратын топырақ қабатының қалыңдығы 5-тен 12 мге дейін, құбырдың шартты өтуі кезінде, мм:</p> <p>Ду &lt; 100</p> <p>Ду &gt; 100 до 300</p>	<p>5,0</p>

Ду > 300	7,5 10,0
Ду < 100 Ду > 100 до 300 Ду > 300 болғанда, 12 м астам отыратын топырақ қабатының қалыңдығы	7,5 10,0 15,0
2. Қоршаулардың және құбырлардың іргетастары	1,5
3. Теміржолдың жақын жолының, ізді жолдың осьтері 1520 мм Сол сияқты, ізді жолдың 750 мм және трамвай жолының	4,0 (жылу желісінің траншеясынан үйменің жиегіне дейінгі тереңдіктен кем емес) 2,8
4. Темір жолдың жер төсемінің жақын құрылысының	3,0 (жылу желісінің траншеясынан негізгі шеткі құрылыстың негізіне дейінгі тереңдіктен кем емес)
5. Электрлендірген темір жолдың жақын арадағы жолының осьтері	10,75
6. Иірімді топырақтағы теміржолдың сызықтары мен крестовиналары	10,0 20,0
7. Темір жолдардағы көпірлердің, үңгірлердің және басқа құрылыстардың	30,0
8. Жақын арадағы трамвай жолының осьтері	2,8
9. Көшенің, жолдың бүйір тасының (жолдың ернеуінде бекітілген өтетін бөліктің жиегі)	1,5
10. Кюветтің сыртқы жиегіндегі немесе жол үймесінің етегіндегі	1,0
11. Сыртқы жарықтандыру және байланыс желілерінің діңгектері мен бағаналары	1,0
12. Көпірлердің, жол өтпесі тірегінің іргетастары	2,0
13. Темір жолдадың байланыс желісінің тірек іргетастары	3,0
14. 35 кВ дейінгі және май толтырылған кабельдердің (110 кВ астам) кернеулі күш және бақылау кабельдерінің	2,0
15. Телефон кәрізін оқшаулау. Түтіктердегі байланыс кабельдерін оқшаулау және радио тарататын кабельдер	1,0
16. Кернеуі: 1) 1 кВ дейінгі 2) 1-ден 35 кВ -тен артық 3) 35 кВ -ден артық кернеу кезінде электр берудің әуе желілеріне тірек іргетастары (жақындасу және қиылысу кезінде)	1,0 2,0 3,0
17. Су құбырлары Сол сияқты I түріндегі отыратын топырақтарда	1,5 2,5
18. Тұрмыстық және өндірістік кәріздер	1,0 (жылумен жабдықтаудың жабық жүйесі кезінде)
19. Дренаждар мен жаңбыр кәріздері	1,0

20. Каналдарда, үңгіжолдарда, сондай-ақ каналсыз төсемде жылу желілерін төсеу кезінде 0,6 МПа дейінгі қысымдағы газ құбырлары бағыттас дренажбен Сол сияқты, 0,6–дан 1,2 МПа-ге дейін	2,0 4,0
21. Бағыттас емес дренажсыз жылу желілерін каналсыз төсеу кезінде 0,3 МПа-ге дейін газ құбырларының қысымымен Сол сияқты, 0,3-тен 0,6 МПа Сол сияқты 0.6-ден 1,2 МПа	1,0 1,5 2,0
22. Әр түрлі маңыздағы каналдар мен үңгіжолдар (оның ішінде суландыру желілері каналдарының-арықтардың жиегіне дейін)	2,0
23. Диамі 5 м артық емес ағаш діңгегі осіне дейін	2,0
24. Көшеттердің	1,0
25. Сыртқы желімдеу оқшаулағышы бар әрленетін құрылыстар мен мополитенде Сол сияқты, желімдейтін гидрооқшаулағышы жоқ	5,0 (жылу желісінің траншеясынан негізгі құрылыстың негізіне дейінгі тереңдіктен кем емес) 8,0 (бірақ жылу желісінің траншеясынан құрылыстың негізіне дейінгі тереңдіктен кем емес)
26. Мополитеннің жер үстіндегі желілерін оқшаулау	5,0
Жылу желілерінің жер үстіндегі төселімі	
27. Темір жолдың жер төсемінің жақын арадағы құрылысы	3,0
28. Аралық тіректен теміржолдың осьтері (теміржолдың қиылысуы кезінде)	МЕМСТ 9238-83 және МЕМСТ 9720-76 бойынша "С", "СП", "Су" габариттері
29. Жақын арадағы темір жолдың осьтері	2,8
1	2
30. Автокөлік жолы кюветінің сыртқы жиегіне дейін немесе бүйір тасына	0,5
31. Кернеуі: 1-ден 20-ға дейін 35-110 220 500 сымдардың аса жоғары ауытқуы бар электр берудің әуе желілері	1,0 3,0 4,0 5,0 6,5
32. Диамі 5 м көп емес ағаштың басындағы діңгектің осьтері	2,0
33. Қысымы 0,63 Мпа, конденсатты жылу желілерінің құбыр диамі Ду = 500 – 1400 Ду от 200 до 500 Ду < 200 болғанда, су жылу желілері мен су құбырларына арналған тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды Жылумен жабдықтаудың желілеріне арналған Сол сияқты, бу жыл желілерінің қысымдары үшін РУ 1,0-ден 2,5 Мпа-ге дейін	25,0 20,0 10,0

Сол сияқты, 2,5-ден артық 6,3 Мпа-ге дейін

5,0

30,0

40,0

### Ескертпелер:

1. Жалпы жылу траншеяларында және басқа инженерлік желілерде төсем кезінде (олар бір уақытта салынған кезде) жылу желілерінен су құбырына және кәрізге дейінгі қашықтықты 0,8 м-ге дейін азайтуға, барлық желілерді бір деңгейге немесе белгілердегі айырмашылығы 0,4 м артық емес орналастырған кезде рұқсат етіледі.

2. Ғимараттардың, құрылыстардың тірегі іргетасының негізінен төмен төселетін жылу желілері үшін қосымша топырақтың табиғи еңісін ескере отырып орналасқан белгілердегі айырмашылық ескеріледі немесе іргетастарды бекітуге шаралар қабылданады.

3. Кестеде келтірілген әртүрлі тереңдіктегі орналасқан инженерлік желілер мен жерасты жылу желілерінің параллельді төсеу кезінде қашықтықтар көбейтіледі және желілердің орналасу айырмашылықтары қабылданады. Төсемдер қысылған жағдайларда және қашықтықтың көбеюі мүмкін емес болған болғанда жылу желілерін жөндеу және салу уақытында бұзылудан инженерлік желілерді қорғау жөніндегі іс-шаралар қарастырылады.

4. Бекіткіш және реттейтін арматураны орналастыруға арналған жылу желілері павильондарынан (оларда сорғылар жоқ болғанда) тұрғын ғимараттарына дейінгі қашықтық 15 м кем емес.

5. Елді мекендерден тыс кернеуі 1-ден 500 кВ-тен артық электр берудің әуе желілері бар жерүсті жылу желілерін параллельді төсеу кезінде шеткі сымнан қашықтықты тіреу биіктігінен кем емес қабылдауы тиіс.

2-кесте

**Жерасты су жылу желілерінің жылумен жабдықтаудың ашық желілерінен және ыстық сумен жабдықтау желілерінен мүмкін болар ластану көздеріне дейінгі жарықтағы көлденең бойынша аз қашықтықтар:**

Ластану көздері	Көлденеңі бойынша аз қашықтықтар, м тұрғыда
1	2
1.Тұрмыстық өндірістік кәріздің құрылыстары мен құбырлары: каналдар мен үнгіжолдарда жылу желілерін төсеу кезінде жылу желілерін каналсыз төсеу кезінде	

Ду ? 200 мм, сол сияқты, Ду > 200 мм жылу желілерінің каналсыз төсем кезінде	1,5
Ду < 200 мм, сол сияқты, Ду > 200 мм	3,0
2. Зират, қоқыс орны, суландыру алаңы жер астындағы сулар болмағанда жер астындағы сулар болғанда және сүзгілейтін жерасты суларында жер асты суларының қозғалысы бойынша жылу желілеріне қарай	10,0
	50,0
3. Күрелген және қоқыс төгетін шұңқырлар: жер астындағы сулар болмағанда жер астындағы сулар болғанда және сүзгілейтін жерасты суларында жер асты суларының қозғалысы бойынша жылу желілеріне қарай	7,0
	20,0

Ескертпе: Кәріз желілері жылу желілерін төмен орналасқанда көлденеңі бойынша қашықтықта параллельді төсеу кезінде жылу желілерінен жоғары орналасқан желілердегі белгілерде айырмадан кем емес, кестеде көрсетілген қашықтықтар қабылданады, орналасу тереңдігінде айырмаға көбейтіледі.

3-кесте

### **Каналсыз төсем кезінде жылу желілерінің құрылыс конструкцияларынан немесе су құбырларын оқшаулау қабығынан:**

Құрылыстар мен инженерлік желілерге дейінгі қашықтық	тік сызық бойынша аз қашықтық, м тұрғыда
Жылу желілерінің жерасты төсемдері	
1	2
1. Су құбырларына, суағарларға, газ құбырларына, кәріздерге	0,2
2. Байланыстың брондалған кабельдеріне дейінгі	0,5
3. 35 кВ-ке дейінгі күш және бақылау кабельдеріне	0,5
4. Телефон кәрізін оқшаулауға немесе құбырлардағы оқшауланған байланыс кабельдеріне дейінгі	0,15
5. Өнеркәсіп кәсіпорындарының теміржол рельстерінің етегіне	1,0
Сол жалпы желідегі	2,0
Сол трамвай жолдарына теміржолдарына	1,0
6. I, II, III санаттағы жалпы желідегі автокөлік жолдарының жол жабынының үстіне	1,0
7. Кювет немесе басқа су бұрғыш құрылыстардың түбі немесе теміржолдың жер төсемінің үймесіне дейін (осы құрылыстардың үстінен жылу желілері орналасқан кезде)	0,5



8. Мополитен құрылыстары (жылу желілері осы құрылыстардың үстінде орналасқанда)	1,0
Жылу желілеріне жер үстіндегі төсемі	
9. Темір жол рельстерінің бастары	МЕМСТ 9238-83 және МЕМСТ 9720-76 бойынша "С", "СП", "Су" габариттері
10. Автокөлік жолдарының жүргінші бөлігінің басы	5,0
11. Жаяу жүргінші жолдардың басы	2,2
12. Трамвайдың байланыс желісінің бөліктері	0,3
13. Троллейбустың байланыс желісінің бөліктері	0,2
14. кернеу кезінде сымдардың салмақ кемдігі тілі аса ауыр болғанда электр берудің әуе желілері, кВ:	
1-ге дейін	
1-20-ға дейін	1,0
35-110-ға дейін	3,0
220	4,0
500	5,0
	6,5

#### Ескертпе:

1. Жер бетінен немесе жол жабынан жылу желілерінің тереңдігі (I, II және III санаттағы автокөлік жолдарынан басқа) кем қабылдамауы керек:

- 1) арналар мен үңгіжолдардың жабатын биіктікке дейін - 0,5 м;
- 2) камераларды жабу биіктігіне дейін - 0,3 м;
- 3) арнасыз төсемнің жабынының үстіне дейін - 0,7 м.

Жүрмейтін бөлікте биіктігі 0,4 м кем емес үңгіжолдар мен арналарға арналған камералар мен желдеткіш шахталарды жабатын жердің үстінен шығып тұруға рұқсат етіледі;

4) ғимаратқа кіретін жылу желілерін енгізгенде жердің үстінен арналарды жабатын үстіне дейінгі тереңдікті немесе каналдарды және арнасыз төсемнің жабынының үстіне дейін - 0,5м-ге рұқсат етіледі;

5) жер астындағы сулардың жоғары деңгейінде арналар мен үңгіжолдардың тереңдігі шамасын азайту және егер көліктің қозғалысы жағдайлары бұзылмаса, жер бетінен 0,4 м кем биіктіктегі жерден жоғары орналасқан жабындарды орналастыруды қарастырады.

2. Төменгі тіреуіштегі жылу желілерін жер үстінде төсеу кезінде жер үстінен су құбырын жылу оқшаулағыштың төменіне дейін (м):

- 1) 1,5 м-ге дейінгі құбыр топтарының ені бойынша - 0,35;
- 2) 1,5 м асатын құбыр топтарының ені бойынша - 0,5.



1. Кернеуі төмен 6-20 кВ шина трансформаторы – желі блогы	1,4	2,8	6	-	-	-	-
5 ұяшықты орта кернеулі 35 кВ шина трансформаторы – желі блогы	-	-	-	3,5	-	-	-
10 ұяшықты орта кернеулі 35 кВ немесе 6 ұяшықты 110 кВ шина трансформаторы – желі блогы	-	-	-	-	3,0	-	-
2. Үлкейтілген блок (желі – 2 трансформатор) немесе кернеуі аз 6-10 кВ қосарланған блок (2 желі – 2 трансформатор)	3,0	4,0	14	-	-	-	-
Үлкейтілген блок (желі – 2 трансформатор) немесе 10 ұяшықты орташа кернеулі 35 кВ қосарланған блок (2 желі – 2 трансформатор)	-	-	-	9,3	-	-	-
Үлкейтілген блок (желі – 2 трансформатор) немесе кернеуі орташа 110 кВ қосарланған 12 ұяшықты блок (2 желі – 2 трансформатор)	-	-	-	-	3,4	-	-
3. Көпірлер немесе 6-10 кВ кернеуі төмен қосымша желілері бар қосымша 2 блок	3,0	6	20	-	-	-	-
Көпірлер немесе кернеуі орташа 35 кВ 10 ұяшықты қосымша желілері бар қосымша 2 блок	-	-	-	-	36	-	-
4. Кернеуі төмен 6-10 кВ төртбұрыш (кеңейтілгенді қоса алғанда)	-	-	35	-	-	-	-
7 ұяшықты кернеуі орташа 110 кВ төртбұрыш (кеңейтілгенді қоса алғанда)	-	-	-	-	50,0	-	-
5. 7 ұяшықты жоғары кернеулі, кернеуі төмен 6-10 кВ жинақталатын шиналары бар	6	16	40	-	-	-	-
7 ұяшықты жоғары кернеулі және 8 ұяшықты кернеуі орташа 35 кВ жинақталатын шиналары бар	-	-	-	26	-	-	-
13 ұяшықты жоғары кернеулі және 17 ұяшықты кернеуі орташа 110 кВ жинақталатын шиналары бар	-	-	-	-	50	-	-
6. Ұяшықты кернеуі орташа трансформатор – желі блогы	-	-	-	-	26	-	-
7. 12 ұяшықты кернеуі орташа төртбұрыш	-	-	-	-	60	-	-
8. Екі орташа кернеуі бар 14 ұяшықты жоғары кернеудегі бір жарым қосылысты: 220 кВ 16 ұяшықты және 110 кВ 20 ұяшықты, бір фазалы автотрансформаторлы екі топпен және екі синхронды компенсаторлармен	-	-	-	-	-	120	-
9. Жоғары кернеудегі 10 ұяшықты және орташа кернеудегі 15 ұяшықты, бір фазалы автотрансформаторлардың екі топтарымен және екі синхронды компенсаторлары бар трансформатор – шиналар	-	-	-	-	-	160	500

Ескертпелер: 1. Кестеде келтірілген жердің алаңдары басқарудың жалпы қосалқы пунктiнiң бiр немесе екi трансформаторларының шағын станцияларында жоғары (және орташа) кернеудiң ашық таратушы құрылғыларын, төменгi кернеулi кешендi таратушы құрылғылардың орналасуын есепке алады.

2. б, в, д бағандарындағы 1, 2 және 3-тармақтарында қарастырылған шағын станцияларға бөлінген жердің алаңдары тұрақты қызмет көрсететін жайлардың алаңдарын ескермейдi.

3. 4-кестеде келтірілген шағын станциялардың алаңдары қарама-қарасы тараптағы электр беру желілерінің шығару, ашық таратушы құралдар,

трансформатордың ашық құралдарын қарастырады. Кестеде келтірілген мағынадан төмен мағыналар мына коэффициенттерге көбейтіледі:

1) бір тарапқа жоғары және орташа кернеудің желілері шығарылған кезде - 1,15

2) бір тарапқа  $90^0$  бұрышқа жоғары және орташа кернеудің желілері шығарылған кезде - 1,10

3) жоғары және орташа кернеулі жабық таратушы құралдар кезінде- 0,6

4) трансформаторларды жабық орнату кезінде - 0,9

4. шағын станцияларда екі трансформаторлар немесе тұйықтандыру контурының құрылғылары орнатқан жағдайда жерді бөлудің алаңын жоба анықтайды.

### 3-кесте

Ғимараттар және шағын станциялардың құрылыстары	Бөлінген жер учаскелерінің алаңдары, м <sup>2</sup>
Қызмет көрсететін қызметкер үшін қосымша үй-жай	300
35 және 110 кВ трансформаторларды тексеруге арналған портал	300
Ашық таратушы құралдың ұяшығы 35 кВ	300
Аппаратты май шаруашылығы	300
Резервуарлы және құбырлары бар жоғары қысымды сорғы станциясы	500
Жабық таратушы құрал 6-10 кВ	500
Кешенді таратушы құрал 6-10 кВ	500
Ашық таратушы құралдың ұяшығы 110 кВ	1000
15 мың кВ Ар бойынша екі синхронды компенсаторлы қондырғылар	1500
Майдың ашық қоймасы	1500
Ашық таратушы құралдың ұяшығы 150 және 220 кВ	1500
50 немесе 100 мың кВ Ар екі синхронды компенсаторлы қондырғы	3000
Трансформаторларды тексеруге арналған мұнара	3000
Статистикалық конденсаторларға арналған батареялар	3000
Ашық таратушы құрал ұяшығы 330 кВ	3000
Шашыратқыш бассейн	8000
Ашық таратушы құралдың ұяшығы 500 кВ	8000
Ашық таратушы құралдың ұяшығы 1150 кВ	26000

Ескертпе: Кестеде көрсетілмеген ғимараттар мен құрылымдар үшін бөлінген жер учаскелерінің алаңдары жобада анықталады.

